



# QARAJANBAS

№10 ҚАЗАН 2025

«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ



## БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР:

«АРТСЫН ДАҢҚЫҢ,  
АЖАРЫҢ, РЕСПУБЛИКАМ –  
ҒАЖАБЫМ!»

КӘСІПОДАҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНА  
120 ЖЫЛ

2»

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМНІҢ  
АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША  
КЕЗДЕСУ

ҚБМ ҚОРЖЫНЫНДА ҚОС  
ЖҮЛДЕ

3»

ҚБМ МҰНАЙШЫСЫНЫҢ  
ЖАНҰЯСЫ «МЕРЕЙЛІ  
ОТБАСЫ» БАЙҚАУЫНЫҢ  
ҮЗДІК ҮШТІГІНЕН КӨРІНДІ

ҚБМ ЭЛЕКТРОМОНТЕРІ  
«ЕҢБЕК ЖОЛЫ»  
БАЙҚАУЫНДА

4»

ҚАРАЖАНБАСТАҒЫ  
АВТОМОБИЛИСТ КҮНІ

КАРАТЭДЕН ҚАЗАҚСТАН  
ЧЕМПИОНЫ АТАНҒАН  
МҰНАЙШЫ

5»

## ҚБМ автопаркі жол талғамайтын автобустармен толықты

«Қаражанбасмұнай» АҚ-да автопаркі жаңарту бағдарламасы аясында технологиялық көлік департаментінің №1 және №2 гараж ұжымына алты автобус пайдалануға берілді. Енді жүзден астам қызметкер кен орны аумағының кез келген нүктесіндегі жұмыс орнына тез, жайлы және ең бастысы қауіпсіз жете алады.

Жаңа автобустар жүк көлігінің базасында құрастырылған. Әр көлік 28 жолаушыға арналған. Көлік салоны жылыту және салқындату жүйесімен, жарықпен қамтамасыз етілген, орындықтары ыңғайлы әрі сапалы материалмен қапталған. Жол талғамайтын автобустар қар, жаңбыр сияқты қолайсыз ауа райында қызметкерлердің жұмысқа кедергісіз қатынауы үшін ең тиімді шешім.

ҚБМ-дағы автопаркті жаңарту бағдарламасы үшінші жыл қатарынан сәтті жалғасып келеді. Осы уақыт ішінде компанияның екі гаражына 300-ден астам техника сатып алынды. Қалған көліктерді белгіленген мерзімде жеткізу жұмысы қарқынды.



### «ГЕОЛОГИЯ – ҒҰМЫРЫМНЫҢ МӘНІ»: ВЛАДИМИР ТУРКОВ ЗЕЙНЕТ ДЕМАЛЫСЫНА ШЫҚТЫ

«Қаражанбасмұнай» АҚ Басқармасы мен ұжымы кен орнын игеру бөлімінің басшысы Турков Владимир Олеговичті зейнет демалысына шығарып салды.

### ЕҢБЕК ҚҰНДЫЛЫҒЫ ДӘРІПТЕЛГЕН КЕЗДЕСУ

Ел Президентінің жарлығымен жарияланған «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында «Қаражанбасмұнай» АҚ қызметкерлері өңірдегі колледж студент-терімен кездесті.

### ҚБМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ «ТАЗА ЖАҒАЛАУ» ЭКОАКЦИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ

«Қаражанбасмұнай» АҚ орталық аппарат қызметкерлері экологиялық мәдениетті арттыру және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған облыстық «Таза жағалау» экоакциясына қатысып, кәрі Каспий жағалауын күл-қоқыстан тазартты.

### ТАБИҒАТҚА ҚАМҚОРЛЫҚ - ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ

6»

### ЖАС МАМАНДАР САДАҚ АТУДАН САЙЫСТЫ

7»

8»

## «Артсын даңқың, ажарың, Республика – ғажабым!»



Биыл Қазақстан Республикасының егемендігіне 35 жыл. Осыған орай Қаражанбас кен орнында «Артсын даңқың, ажарың, Республика – ғажабым!» атты концерт өтті. Шарада еліміздегі «ұлттық» мәртебесі бар жалғыз мерекенің тарихи маңызы насихатталып, елдің дамуына елеулі үлес қосып жүрген мұнайшылар құрметке бөленді. Еңбек ұжымын Түпқараған ауданының әкімі Ержан Күмісқалиев, «Қаражанбасмұнай» Басқармасы, Өндірістік Басқарма басшылығы және кәсіподақ төрағалары құттықтап, өңір өндірісін дамыту жолындағы адал еңбегі үшін алғыс білдірді.

Бас директор Нұрпейіс Сәрсенбай Республика күні – барлығымызды Отанның дамуы мен өркендеуі жолында еңбек етуге жігерлендіретін ұлық мереке екенін атап өтті. Сондай-ақ, егемендік пен тәуелсіздік арқасында Қазақстан еңселі елдермен иық теңестіре алатын дәрежеде екенін айтып, Республика күнін мерекелеудің болашақ ұрпақ үшін маңызы зор екенін жеткізді.

Салтанатты шара мереке маңызын айқындайтын бейнеролик көрсетумен басталып, мемлекеттік гимн орындалды. Одан соң «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауының жүлдегерлері мен жеңімпаздары марапатталып, саланың дамуына сүбелі үлес қосып келе жатқан қаражанбастықтардың еңбегі еленді. Өндіріс үздіксіздігін қамтамасыз етіп, қара алтын игеруге атсалысып жүрген жұмысшыларға ҚР Энергетика Министірлігінің Құрмет грамотасы, «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ Құрмет грамотасы, естелік белгісі, ҚБМ Басқармасының Құрмет грамотасы және Кәсіподақтың алғыс хаты табыс етілді.

Марапаттау рәсімі ҚР Мәдениет қайраткері, әнші Жоламан Көшкінов және Маңғыстау ауданы өнерпаздарының концертімен жалғасты. Кеш соңында патриоттық әсерге бөленген көрермендер «Атамекен» әнін бірге шырқады.



## Кәсіподақ қозғалысына 120 жыл



«Қаражанбасмұнай» АҚ Басқармасы компаниядағы қос кәсіподақты 10 қазан - Кәсіподақ күнімен құттықтады. Жиынға Бас директор Нұрпейіс Сәрсенбай, Бас директордың бірінші орынбасары Ван Вэй, «ҚБМ жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» ҚБ төрағасы Орынбек Сатыбалдиев, «Бірлік» ҚБМ жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» ҚБ төрағасы Мансұр Алдабергенов және

ұйым мүшелері қатысты. Басшылық кәсіподақтарға берік әріптестік қарым-қатынаста жүйелі жұмыс жүргізіп келе жатқаны үшін рақмет айтып, төрағаларға құттықтау хатын, ұйым мүшелеріне арнайы төсбелгілер мен алғыс хаттар табыс етті.

Биылғы мереке Қазақстандағы кәсіподақ қозғалысының 120 жылдығымен қатар келіп отыр. Осы орайда басшылық алдымен ұжым бірлігі - өндіріс өркендеуінің басты кепілі екенін атап өтті. Бұдан бөлек, кәсіподақтардың қызметкер құқықтарын қорғаудағы және әлеуметтік тұрақтылықты сақтаудағы еңбегіне жоғары баға берді. Шара барысында компанияның қазіргі экономикалық-өндірістік жағдайы туралы кең көлемде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

«Кәсіподақ – бұл біздің ұжымның сенімді тірегі, қызметкерлердің мүддесін қорғап, әділдік пен ынтымақты нығайтып келе жатқан маңызды ұйым. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында компанияда тұрақтылық пен өзара сыйластық орнаған. Алдағы уақытта да бірлесе жұмыс істеп, жаңа биіктерді бағындырамыз деп сенемін», - деді Н. Сәрсенбай.

Компания мен кәсіподақтың арасындағы өзара серіктестік еңбек қатынастарын реттеудің маңызды бөлігі. Қос тараптың бір бағыттағы жұмысы ұжымдық рухты нығайтып, ортақ мақсатқа жетуге жол ашады.

## Діни экстремизмнің алдын алу бойынша кездесу



Қаражанбас кен орнында діни сауатты қоғам қалыптастырып, радикалды идеологияның алдын алу мақсатында «Діни экстремизмнің алдын алу» тақырыбында ақпараттық кездесу ұйымдастырылды.

Шарада елордадан келген теолог Жандәулет Сүлейменов қатысушыларға экстремизм мен радикализмнің белгілері, олардың қоғам мен адамға тигізетін зияны туралы ақпарат берді. Сондай-ақ спикер болған оқиғалардан мысал келтіре отырып, теріс діни ағымдардың таралу тәсілдері мен олардың идеологиялық ықпалына қарсы тұру жолдарына тоқталды.

Кездесу барысында әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде таралатын діни мазмұндағы күмәнді медиафайлдардың қоғамға тигізетін ықтимал қаупі талқыланды. Оған қоса, бейнероликтер көрсетіліп, ақпараттық парақтар таратылды.

## ҚБМ қоржынында қос жүлде



«Жас мамандармен жұмыс істейтін үздік мекеме» сайысына қатысушылар компаниядағы жас мамандарды қолдау мен дамыту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс көрсетілетін бейнеролик пен портфолио дайындады. Онда 18 бен 35 жас аралығындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыру мен тұлғалық дамуына арналған жобалар, «Жас маман кеңесі» ұйымдастырған және қатысқан шаралар, бейімдеу және тәлімгерлік жұмыс құжаттары, белсенді жұмысшылар туралы ақпарат ұсынылды.

Ал «Жұмысшы мамандардың қатысуымен ауқымды инновациялық шешімдер» байқауында үміткерлер 15-ке жуық бағыт бойынша жоба ұсынды. ҚБМ намысын қорғаған №3 мұнай өндіру цехының операторы Абай Сүгіров «Мұнай өндіру цехының тәуліктік есепті қалыптастыру үдерісінің тиімділігін арттыру» тақырыбын сәтті қорғады. Сондай-ақ ол сынақ режимінде жүзеге асырылып жатқан бастаманың оң нәтижесімен бөлісті.

Қазылар алқасының шешімімен «Үздік мекеме» байқауында ҚБМ II орынға лайық деп танылды. Ал «Инновациялық шешімдер» сайысында Абай Сүгіров I орынды қанжығалады. Салтанатты марапаттау рәсімінде жеңімпаздар мен жүлдегерлерге диплом мен сыйлық сертификаты табыс етілді. Оған қоса жастар саясатын дамытуға үлес қосып жүрген жұмысшылар облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталды.



«Қаражанбасмұнай» АҚ «Жұмысшы мамандықтар жылы – жаңа мүмкіндіктерге жол ашу» жобасы аясында өткен «Жас мамандармен жұмыс істейтін үздік мекеме» және «Жұмысшы мамандардың қатысуымен ауқымды инновациялық шешімдер» байқауында үздіктер қатарынан көрінді. Маңғыстау облысының Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының тапсырысымен «Риза-Ана» қоғамдық қоры ұйымдастырған сайыстарда өңірдегі өндірістік мекемелердің жұмысшылары бақ сынады.

## ҚБМ мұнайшысының жанұясы «Мерейлі отбасы» байқауының үздік үштігінен көрінді



«Қаражанбасмұнай» АҚ №3 мұнай өндіру цехының операторы Нартай Алтыбаевтың отбасы «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының облыстық кезеңінде үздіктер қатарынан көрінді. Бабадан балаға ұлттық құндылық пен ақыл-өнегені мирас етіп, салауатты өмір салтын насихаттап келе жатқан үлгілі шаңырақ жүлделі үшінші орын иеленді.

Сайысқа өңір бойынша алпыстан астам отбасы қатысуға өтінім беріп, солардың 17-сі финалда бақ сынады. Олар отбасы құндылықтарын нығайту, бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігін арттыру бойынша бейнеролик дайындап, шаңырақ шаттығын насихаттауға үлес қосты. Өзара сыйластық пен бірлікті паш етіп, қарапайымдық пен еңбекке құштарлықты ту

еткен отбасы қазылардың оң бағасынан үлесті болды.

Нартай Алтыбаев мұнай саласындағы негізгі қызметінен бөлек, Маңғыстау облысы бойынша кір тасын көтеру спортының негізін қалаушы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Үш дүркін Әлем, төрт дүркін Азия және жеті дүркін Қазақстан чемпионы жұбайымен бірге үш ұл, төрт қыз тәрбиелеп отыр. Мұнайшы вахтадан тыс уақытта өлкенің жастарымен қоса өз балаларын да аталмыш спортқа баулып келеді. Ұлы Дархан мен қыздары Інжу мен Маржан Азия және Әлем чемпионатынан алтын жүлде қанжығалады. Әріптесіміз биыл Қытайда өтетін Әлем чемпионатына аттанып, төртінші рет Қазақстан намысын қорғайды.

## ҚБМ электромонтері «Еңбек жолы» байқауында



«Қаражанбасмұнай» АҚ электр цехының электромонтері Жақсылық Әуметалық Республикалық «Еңбек жолы» байқауының облыстық кезеңіне «Өндірістің үздік жас маманы» аталымы бойынша қатысып, аймақ басшысының алғыс хатымен марапатталды. Еңбек адамының ролін көтеру, еңбекке құрмет көрсету және еңбек қатынастарын дамыту мақсатында өткізілген байқау түрлі салада жұмыс істейтін азаматтар мен жұмыс берушілерді ынталандыруға бағытталған.

Байқау «Үздік еңбек әулеті», «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері», «Өндірістің үздік жас маманы» сияқты бірнеше аталым бойынша өтті. Үміткерлер өзі туралы ақпарат, қызметте жеткен

жетістіктерін ұсынып, бейнеролик дайындады. Жүзден жүйрік шыққандарды Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Аббат Өрісбаев марапаттап, халық игілігі жолында атқарып жүрген қызметі үшін алғыс білдірді.

Жақсылық Әуметалық – Қаражанбас кен орнында 8 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан жас та білікті мұнайшының бірі. Ол электр жетектерін автоматтандыру бағытында жөндеуші болып жұмыс істейді. Өз ісіне жауапкершілікпен қарап, кәсіби міндеттерін мінсіз орындауға тырысатын жұмысшы былтыр «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауында жеңімпаз атанды.

## Қаражанбастағы автомобилист күні



Елімізде жыл сайын қазан айының соңғы жексенбісінде автомобиль көлігі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі аталып өтеді. Осыған орай Қаражанбас кен орнында компанияға көлік қызметін көрсететін «Мобил Сервис Групп» ЖШС мерекелік шара өткізді. Мердігер мекеме ұжымын ҚБМ Өндірістік Басқарма директорының көлік жөніндегі орынбасары Ертай Қодаров, орталық-инженерлік технологиялық қызмет жетекшісі Жақсыбек Рахманов және МСГ директорының өндіріс бойынша орынбасары Жұмалы Донбаев құттықтап, бірлескен істе кәсібилік пен ұйымшылдық танытқаны үшін алғыс айтты.

Салтанатты марапаттау рәсімінде үздік еңбегі, жоғары кәсіби біліктілігі және сала дамуына қосқан зор үлесі үшін 20 қызметкерге мекеме басшылығының Құрмет грамотасы табысталды. Бұдан соң жұмысшылар мерекеге арнайы тігілген киіз үйдегі дастарханнан дәм татып, бірнеше спорт түрінен сынға түсті. Мереке иелеріне облыс өнерпаздары концерт қойып, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Автомобилистер – өндірістегі үздіксіз жұмыстың айнымас бөлігі. Олар кен орнында жұмысшыларды, техникаларды және қажетті жабдықтарды дер кезінде жеткізуге жауапты. Сондықтан олардың қызметі ерекше маңызды. Кәсіби мерекеде құрмет көрсету қызметкерлердің еңбекке деген ынтасын арттырып, ұжымдағы әріптестік қарым-қатынасты нығайтуға септігін тигізеді.



## Каратэден қазақстан чемпионы атанған мұнайшы



«Қаражанбасмұнай» АҚ №3 мұнай өндіру цехының операторы Олжас Нарымбеков киокушинкай каратэден ҚР біріншілігінде жеңіс тұғырынан көрінді. Чемпионды Бас директор Нұрпейіс Сәрсенбай қабылдап, жетістігімен құттықтады.

40-49 жас аралығында 75 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде сайысқа түскен мұнайшы жеңіс жолында Астана, Қостанай және Қарағандының намысын қорғаған қатысушылармен кездесті. Физикалық және моральдық тұрғыда мықты дайындалып, айқын мақсатқа ұмтылған әріптесіміз жарыс алаңында шапшаңдығымен, техникасымен және сенімділігімен дараланып, қарсыластарынан оқ бойы озық шықты. Нәтижесінде чемпион кубогын иеленіп, I орынды жеңіп алды.

«Каратэ адамды тәртіпке, еңбекқорлыққа үйретіп, мақсатқа жетуге шыңдайды. Бұл бізге жұмыс кезінде де зор пайдасын тигізіп келеді. Жарыстағы жетістігім маған қолдау көрсеткен жандардың сенімі арқасында келді деп білемін. Сондықтан цехтағы әріптестеріме, басшыларға, компания Басқармасына алғысым шексіз!», - деді Олжас Нарымбеков.

Өндіріс пен спортты қатар алып жүрген мұнайшы әлі де биік белестерді бағындыруға ниетті. Ол келер жылы ардагерлер арасындағы Азия чемпионатында үздік атану үшін дайындықты қазірден бастап кетті.



## «Геология – ғұмырымның мәні»: Владимир Турков зейнет демалысына шықты



«Қаражанбасмұнай» АҚ Басқармасы мен ұжымы кен орнын игеру бөлімінің басшысы Турков Владимир Олеговичті зейнет демалысына шығарып салды. Бас директор Нұрпейіс Сәрсенбай мұнай-газ саласында 40 жылға жуық уақыт қызмет еткен геологқа адал еңбегі үшін алғыс айтты. Жұмысшылар кәсіподағы да ардагерге құрмет көрсетіп, жылы лебізін жеткізді.

Владимир Турков соңғы 28 жыл бойы Қаражанбастың жер қабатына терең бойлап, қара алтын игеру ісінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған кәсіби білікті маман. Кен орны мен орталық кеңсенің жұмысын бес саусағындай білетін ол өнегелі еңбек жолында білім мен тәжірибе, стратегиялық ойлау және ұйымдастырушылық қабілеті арқасында өндірістік нәтижені жақсартуға зор үлес қосты. Оның қатаң бақылауы арқасында жаңа аумақтар зерттелді, терең барлау мүмкіндігі молайды. Ұжымға

сыйлы басшы талай жас маманға іскерлігімен үлгі болып, бағыт-бағдар берді. Жер қойнауын барлау үздігі компанияның қоғамдық өміріне белсенді араласты. Негізгі қызметінен бөлек, ҚБМ ардагерлерінің футбол құрамасында шабуылшы болып ойнады. Еңбек белесінің биігін абыроймен бағындырған геолог Қаражанбаста маман ретінде шыңдалғанын айтып, бірлескен істе ұйымшылдық танытқан әріптестеріне ризашылығын білдірді.

«Өз ісінің майталмандары шоғырланған, бірлігі жарасқан ұжым арқасында ҚБМ Маңғыстаудағы ірі кәсіпорындардың біріне айналды. Бұл жетістіктің артында көп еңбек жатыр. Қызметтегі жылдары талай нәрсеге куә болдық, қиындықты бәріміз бірге еңсердік. Кәсіби кадрлар мен сауатты басшылар арқасында компания болашағы зор екеніне және үлкен жетістіктер күтіп тұрғанына сенімдімін», - деді В.Турков.

## Табиғатқа қамқорлық - тұрақты дамудың негізі



Қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық мәдениетті арттыру – компания қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі. Табиғатқа жанашырлықпен қарау, кен орны мен кеңсе тазалығын ұқыпты сақтау ұжымның күнделікті жұмысында көрініс табады. Осыған орай, «Таза Қазақстан» экоакциясы мен «Жасыл кеңсе» бағдарламасын жүзеге асыруға белсенділік танытып жүрген бірқатар қызметкер марапатталды.

Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау департаменті кен орнында мұнаймен ластанған полиэтилен пленкасын, май топырақ және тұрмыстық қалдықтарды жинау және бөлу жұмыстары, сондай-ақ, цех ауласын көгалдандырып, жеміс ағаштарын отырғызып, жасыл желекті уақытында суарып жүрген мұнайшыларға алғыс білдірді. Сонымен қатар, орталық аппарат қызметкерлерінің күнделікті жұмыс барысында қолданатын қағаз, пластик қалдықтарын, сондай-ақ пайдаланылған батареяларды кәдеге жарату немесе қайта өңдеу мақсатында сұрыптау үшін бөлек жәшіктер арқылы жинақтауға септігін тигізіп жүрген жұмысшыларға сыйлық сертификатын табыстады.

Мұндай игі бастамалар ұжымда экологиялық мәдениетті нығайтып қана қоймай, еңбекқорлық пен жауапкершілікті арттыра түседі. Табиғатты аялауға ұмтылған әрбір қызметкер - үлгілі жұмысшы әрі өндірістің өркендеуіне үлес қосушы тұлға.



## Еңбек құндылығы дәріптелген кездесу



Ел Президентінің жарлығымен жарияланған «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында «Қаражанбасмұнай» АҚ қызметкерлері өңірдегі колледж студенттерімен кездесті. Шараға «Жас маман кеңесі» мүшелері қатысып, Қарақия, Түпқараған және Мұнайлы ауданындағы білім алушыларға еңбек адамының мәртебесі мен өндірістегі қызметінің маңызы жайлы жан-жақты әңгімеледі.

Кездесу барысында студенттерге мұнай-газ саласының қазіргі тынысы, өндірістегі жаңа технологиялар, еңбек қауіпсіздігі мәдениеті, сондай-ақ компаниядағы әлеуметтік қолдау туралы айтылды. Қаражанбастықтар мамандық таңдаудың жауапкершілігі, кәсіби біліктілікті арттыру, бәсекеге қабілетті болу, жауапкершілікті сезіне отырып ел дамуына үлес қосу жайында сөз қозғап, өз тәжірибесінен мысалдар келтірді. Ашық сұхбат алаңында студенттер көкейдегі сұрақтарын қойып, пікір алмасты.

Өндірістен өз орнын тауып үлгерген жас мұнайшылардың студенттермен кездесуі – жұмысшы мамандықтардың маңызын ұғындырып, олардың бойында еңбексүйгіштік пен кәсіби жауапкершілік қасиетін қалыптастыра түседі. Мұндай игі бастамалар өндіріс пен білім беру саласының байланысын нығайтып, болашақ мамандардың дамуына жол ашады.



## Жас мамандар садақ атудан сайысты



«Қаражанбасмұнай» АҚ жас мамандары 25 қазан – Республика күні аясында ұлттық спорт - садақ атудан сайыс өткізді. Жарысқа екі вахтадан 40 жұмысшы қатысып, мергендік қабілетін паш ету арқылы ең мықтыларды анықтауға тырысты.

«Жас маман кеңесі» мүшелері арасындағы дода 6 кезеңнен тұрды. Мақсат - үздіктерді анықтау болса да, қарсыластар бір-біріне қолдау көрсетіп, жеңіс жолында жігер мен шабыт сыйлады. Әрбір кезеңде қатысушылар 10 метр қашықтықтан 5 рет жебелерді нысанаға дәл көздеуге барын салды. Сайыс жастар арасындағы бірлікті нығайтуға, өзара қолдауды арттыруға және әріптестік қарым-қатынасты дамытуға оң ықпал етті.

Барлық кезеңде жинаған жалпы ұпай саны бойынша ғылыми-зерттеу және өндірістік жұмыстар цехының химиялық

талдау лаборанты Әділет Дүйеске мен электр цехының электромонтері Асқар Амантұрлы үздік үштікті түйіндеді. Ал технологиялық көлік департаментінің жүргізушісі Берікбол Алдоңғаров пен қабат қысымын ұстау цехының техник-геологы Қуандық Жаңбырбаев екінші орынға тұрақтады. Мергендігімен көзге түсіп, қарсыластардан оқ бойы озық шыққан өндірісті автоматтандыру цехының бақылау-өлшеу құралдары мен автоматика слесарлері Ербол Денов пен Жәнібек Мамай бірінші орынды жеңіп алды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар мен естелік сыйлықтар табысталды. Жас мамандар алдағы уақытта да осындай рухты көтеретін спорттық және мәдени шараларды жиі өткізетінін жеткізді.





## ҚБМ қызметкерлері «Таза жағалау» экоакциясына қатысты

«Қаражанбасмұнай» АҚ орталық аппарат қызметкерлері экологиялық мәдениетті арттыру және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған облыстық «Таза жағалау» экоакциясына қатысып, кәрі Каспий жағалауын күл-қоқыстан тазартты.

Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші, компанияның 20-дан астам қызметкері «МАЭК» су төгу каналы жағалауындағы түрлі полиэтилен пакеттері мен қатты және пластикалық қалдықтарды жинады. Нәтижесінде 15 қап қоқыс қапшығы арнайы техникаға тиеліп, қоқыс полигонына жөнелтілді.

Каспий теңізі Ақтау қаласының ең басты байлықтарының бірі. Ал, оны таза ұстау әрбір тұрғынның борышы. Осы ұранды ұстанған компания қызметкерлері алдағы уақытта да осындай игі шараларға белсене қатысуды жоспарлап отыр.



### Қазан айындағы мерейтой иелерін құттықтаймыз!

#### 60 ЖАС

- 01.10.1965 жыл, Сисенбаев Жұмағали Қаналыұлы, ПЖИЖЦ электрғазбен дәнекерлеушісі
- 01.10.1965 жыл, Сәубетов Сармырза Мұқанұлы, ГЦ машинісі
- 02.10.1965 жыл, Мыңбаев Болатбек Тергеубайұлы, №7 автоіздеу моторисі
- 11.10.1965 жыл, Орешкина Елена Васильевна, Кен орнындағы есептеу тобының бухгалтер
- 14.10.1965 жыл, Аймағамбетов Рахмет Асанұлы, Ақтау гаражының автомобиль жүргізушісі
- 16.10.1965 жыл, Қапарбаев Серікбай Дәулетбайұлы, Маркшейдер
- 18.10.1965 жыл, Дошекенов Таңатар Ахметұлы, ҚЖ гидроизоляция айырушысы
- 20.10.1965 жыл, Қозбақов Үсен Бесбайұлы, №3 автоіздеу моторисі
- 20.10.1965 жыл, Нұрберген Нәсіпқали Мұрзағалиұлы, автомобильдерді жөндеу слесарі
- 21.10.1965 жыл, Құқыбаев Роман Героевич, Бұрғылау қондырғысының басшысы
- 25.10.1965 жыл, Кошанов Закир Мубаракович, БӨЦ жөндеуші слесарі
- 30.10.1965 жыл, Бисекенов Ғалымберді Мұттахиұлы, №7 автоіздеу моторисі

#### 50 ЖАС

- 06.10.1975 жыл, Ахметов Ерболат Балықбайұлы, БжҰЖКЖБ инженері
- 14.10.1975 жыл, Досмағанбетов Тілекбай Ілімұлы, №7 автоіздеу моторисі
- 21.10.1975 жыл, Бақтыбаева Гүлнар Бақтыбайқызы, 2-санатты диспетчер
- 22.10.1975 жыл, Қойшығұлов Сәкен Сапарұлы, ҚҚҰЦ шебері
- 27.10.1975 жыл, Қармысов Жәлі Тұрарұлы, №1 ҰЖКЖЦ бұрғышысы

#### Құрметті мерейтой иелері!

Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз,  
Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз.  
Еңбекпен мерейіңіз таси берсін,  
Артылып абыроймен беделіңіз!



## QARAJANBAS

«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ  
КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ

Шығарушы:  
«Қаражанбасмұнай» АҚ

Мекен-жайы:  
130000 Қазақстан Республикасы, Ақтау қаласы, 9 «а» шағын аудан, 4 ғимарат

Шығарылымға жауаптылар:

Себасов М.Б. – Әлеуметтік жұмыс департаменті  
Директорының орынбасары  
Телефон: 8 (7292) 473871  
E-mail: M\_Sebasov@kbm.kz

Түзелбай А.А. – баспасөз хатшы  
Телефон: 8 (7292) 473072  
E-mail: A\_Tuzelbay@kbm.kz

Исаев А.Р. – журналист  
Телефон: 8 (7292) 473002  
E-mail: A\_Issayev@kbm.kz

Газет ҚР ИЖДМ 11.12.15 тіркеліп,  
№15740-Г куәлігі берілген

Газет ай сайын шығады.  
Таралымы 1000 дана.

Газет «АТИС» ЖШС  
баспаханасынан шықты.

Мекен-жайы:  
130000, Қазақстан Республикасы,  
Ақтау қаласы, 17 шағын аудан,  
«Дукат» ТҮК, 3 кеңсе  
Телефон: 8 (7292) 525 500